

**Қазақстан Республикасы Жоғары Сот Кеңесінің жанындағы
Сот төрелігі академиясының Сараптама комиссиясы туралы
ЕРЕЖЕ**

1. Жалпы ережелер

1. Сараптама комиссиясы (бұдан әрі – Комиссия) Қазақстан Республикасы Жоғары Сот Кеңесінің жанындағы Сот төрелігі академиясында (бұдан әрі – Академия) білім беру және магистрлік жобаларды (диссертацияларды) даярлау сапасын бақылауды жүзеге асыру үшін құрылады.

2. Комиссия өз қызметінде Қазақстан Республикасының білім беру саласындағы заңнамасы мен Академияның құқықтық актілерін басшылыққа алады.

3. Комиссия құрамына ғылым докторы немесе кандидаты ғылыми дәрежесі немесе тиісті бейін бойынша философия докторы (PhD) дәрежесі бар Академияның ғылыми-білім беру орталықтарының оқытушылары (бұдан әрі – ҒБО) және Академия қызметкерлері қатарынан кемінде үш адам кіреді. Комиссия құрамына оқу үдерісін үйлестіруді қамтамасыз етуші тұлға ретінде Академиялық бағдарламалар мен жобалар орталығының (бұдан әрі – АБЖО) директоры кіреді.

4. Комиссия құрамы Академия ректорының бұйрығымен бір оқу жылына бекітіледі.

5. Комиссия төрағадан және Комиссия мүшелерінен тұрады. Комиссия төрағасы Комиссия жұмысын басқарады.

6. Осы Ережеге өзгерістер мен толықтырулар Академияның Ғылыми кеңесінің ұсынысымен енгізілуі мүмкін.

2. Комиссияның негізгі міндеттері және функциялары

7. Комиссияның міндеті – Комиссияның жылдық жұмыс жоспары негізінде оқыту және магистрлік жобаларды (диссертацияларды) даярлау сапасын бақылау жөніндегі іс-шараларды ұйымдастыру.

8. Комиссия:

ҒБО ұсыныстары бойынша ашық сабақ өткізудің АБЖО-ғы құрған жоспар-кестесіне сәйкес ашық сабақтарға қатысады;

Академия басшылығының тапсырмасы бойынша, магистранттардан сәйкес жазбаша шағымдар түскен жағдайда, жоспар-кестеден тыс сабақтарға қатысады; ашық сабақтарға қатысу қорытындысы бойынша оқу процесінің сапасын арттыруға бағытталған ұсыныстар әзірлейді;

оқу үдерісінің сапасын арттыру аясындағы оқыту, бағалау және басқа да мәселелер бойынша әдістемелік семинарлар өткізуді ұйымдастыруды ұсынады;

магистрлік жобаларды (диссертацияларды) осы Ереженің 24-тармағында

көзделген жағдайда түпнұсқалыққа тексереді.

3. Отырысты өткізу және шешім шығару тәртібі

9. Комиссия отырыстары қажеттілігіне қарай, бірақ тоқсанына кемінде бір рет, оның барлық мүшелерінің қатысуымен өткізіледі.

10. Комиссия отырысы академиялық адалдық қағидатын және жалпы қабылданған моральдық-этикалық нормаларды сақтай отырып өткізіледі.

11. Комиссия шешімдері Комиссия мүшелерінің көпшілік дауысымен ашық дауыс беру арқылы қабылданады.

4. Сабақтарға қатысу

12. Ашық сабақ оқытушының оқыту сапасын арттыруға бағытталған мақсатты қызметінің нәтижесі болып табылады және жеке жоспардың оқу-әдістемелік жұмыс тармағына енгізіледі.

13. Ашық сабақ бекітілген жоспар-кестеге сәйкес өткізіледі. Ашық сабақтар жоспар-кестесіне міндетті түрде жаңадан жұмысқа қабылданған оқытушылар еңбек шартына қол қойылған күннен бастап алты айдан кешіктірілмей енгізіледі. Ашық сабақ тақырыбын және оны өткізу уақытын оқытушы ҒБО директорымен бірге анықтайды.

14. Жоспар-кесте АБЖО-на беріледі.

15. Ашық сабаққа Комиссия мүшелері, ҒБО және АБЖО директоры, оқытушылар және Академияның қызметкерлері шақырылады. Шақырылғандарға ашық сабақ өткізу туралы алдын-ала хабарланады.

16. Академия басшылығының тапсырмасы бойынша білім алушылардан пәннің сапасына, оқыту әдістемесіне, мазмұнына, оқытушының Академияның ішкі тәртіп ережелерін сақтауына жазбаша шағымдар түскен жағдайда, Комиссия мүшелері толықтай құрамда сәйкес оқытушының кестеден тыс кез келген сабағына қатысуға құқылы. Бұл жағдайда Комиссия сабақты бағалаудың объективтілігін қамтамасыз ету мақсатында оқытушыға мұндай қатысудың күні мен уақыты туралы хабарламайды.

6. Ашық сабақты талқылау және талдау

17. Ашық сабақ осы Ережеге Қосымшада көзделген бағалау өлшемшарттары бойынша талданады.

18. Ашық сабақты талдау барысында оның айырмашылық ерекшелігі көрсетіледі.

19. Комиссия мүшелерінің ашық сабақты талқылауы сол сабақ өткізілген күні осы Ереженің Қосымшасына сәйкес ашық сабақ сапасын бағалау өлшемшарттары бойынша жүргізіледі.

20. Ашық сабақты талқылау нәтижелері Комиссия отырысының хаттамасымен ресімделеді, ол Оқу-әдістемелік кеңесіне (бұдан әрі – ОӘК) беріледі.

21. Профессорлық-оқытушылар құрамының ашық сабақтарға қатысу нәтижелері туралы есептерді Комиссия төрағасы ОӘК-тің кезекті отырысында

баяндайды және Академияның оқу-әдістемелік жұмысы бойынша жылдық есебіне енгізіледі.

22. Ашық сабақтың теріс нәтижелері туралы есептер ОӘК-тің отырысында талқыланғаннан кейін Ғылыми кеңестің кезекті отырысында қарауға жатады.

7. Магистрлік жобаларды (диссертацияларды) түпнұсқалық түрғысынан тексеру

23. Түпнұсқалықтың бұзылуы (плагиат) деп танылады:

дереккөздерін көрсетпей, мәтінді бір тілден екінші тілге аудару, басқа адамның идеяларын, тұжырымдарын, пікірлерін немесе мәлімдемелерін ұсыну;

басқа тұлғаның жазбаша жұмысынан алынған мәтіннің бөліктерін немесе бүкіл мәтінді тиісті дәйексөзсіз және түпнұсқаға сілтемесіз тікелей көшіру (бұл сондай-ақ Интернеттен немесе басқа электрондық көздерден алынған материалдарды көшіруге де қатысты);

мәтін элементтерін өзгертіп жазу немесе дереккөзін көрсетпей сөздерді ішінара ауыстыру;

графиктерді, кестелерді, суреттерді, сызбаларды және ақпараттың өзге де визуалды көріністерін дереккөзін көрсетпестен және/немесе автордың келісімінсіз пайдалану;

плагиатты табу мүмкіндігін азайту немесе жою мақсатында техникалық құралдар мен әдістерді (қаріпті ауыстыру, басқа әліпби таңбаларын пайдалану, жұмыс мәтініне арнайы таңбалар қосу, сөздердегі таңбалар ретін өзгерту, мәтіннің таңбалар бөлігін алып тастау және т.б.), оның ішінде жасанды интеллект технологияларын қолдану;

атауын, өндірушіні (құқық иесін), нұсқасын және жүгіну және (немесе) пайдалану күнін көрсететін сілтемесіз жасанды интеллект технологиясын пайдалану.

24. Мәтінінің түпнұсқалық пайызы белгіленген ең төменгі шектен он пайыздан артық емес мөлшерге төмен білім алушының магистрлік жобасын (диссертациясын) ҒБО білім алушының өтінішімен және жұмысты автоматты тексеру есебімен бірге Комиссияның одан әрі қарауы үшін береді.

25. Комиссия үш жұмыс күні ішінде ұсынылған магистрлік жобаны (диссертацияны) қарауға және білім алушыны қорғауға жіберу/жібермеу туралы хаттамалық шешім шығаруға міндетті.

Ұсынылған құжаттарды қарағаннан кейін, Комиссия мәтіннің түпнұсқалығын көбейтуге құқылы, егер:

магистрлік жоба авторының алдыңғы жұмысы мәтінінің фрагменттерімен сәйкес келетін немесе дәлме-дәл сәйкес келетін бітіру жұмысы мәтінінің фрагменттері (өзіне-өзі сілтеме жасау) анықталса;

нормативтік құқықтық актілер мен ресми құжаттар атауларының, мемлекеттік және өзге де ресми органдар мен ұйымдар атауларының, нормативтік құқықтық актілер мен халықаралық актілер мәтінінен үзінділердің сәйкес келуі анықталса;

құқықтанудың тиісті саласы үшін жалпы қабылданған терминдер,

анықтамалар мен ұғымдар, сондай-ақ жалпы қолданылатын сөз тіркестері пайдаланылса (егер оларды пайдаланудың көлемі және сипаты орындалған жобаның (диссертацияның) дербестігіне күмән тудырмаса).

26. Хаттамалық шешімде көрсетілуі тиіс:

мәтіннің түпнұсқалық дәрежесінің 80 %-дан төмен емес екенін көрсететін автоматты тексеру жүйесінің есептері;

дәйексөздің дұрыстығы немесе дұрыс еместігі;

магистрлік жобаны (диссертацияны) қорғауға жіберу/жібермеу туралы Комиссия шешімі.

АШЫҚ САБАҚТЫҢ САПАСЫН БАҒАЛАУ ӨЛШЕМШАРТТАРЫ

Оқытушы (Т. А. Ә., ғылыми дәрежесі, атағы, лауазымы)

Пән _____
Сабақтың тақырыбы _____
Сабақты өткізу түрі _____
Курс, топ _____
Сабақты өткізу күні _____
Қатысып отырған оқытушылар, қызметкерлер / магистранттар саны _____/ _____

Бағалау өлшемшарттары	Дәстүрлі жүйе бойынша бағалау (0-ден 5-ке дейінгі шкала бойынша)	Ескерту
1. Баяндалатын материал мазмұнының маңыздылығы		
2. Оқытушының пән бойынша терең білімінің болуы		
3. Сабақтың ақпараттық және түсініктілік деңгейі		
4. Материалдың жаңашылдығы		
5. Сабақтың практикаға бағдарлануы		
6. Материалды баяндаудың қисындылығы мен жүйелілігі, түсініктілігі		
7. Аудиториямен байланыс		
8. Сөйлеу мәдениеті, баяндау стилі		
9. Оқытудың инновациялық әдістері мен оқыту технологияларын пайдалану («ми шабуылы», кейстер, тренингтер, диспуттар, іскерлік ойындар, дөңгелек үстелдер және т. б.)		
10. Оқу үрдісінде ақпараттық технологияларды қолдану (слайдтар, бейнефильмдер және т. б.)		
11. Оқытушының аудиториядағы белсенділігі, пікір-таласқа тартуы, пікір-талас пен сабақты тақырыпқа сәйкес қызықты ұйымдастыра білуі		

